

Жобаның жарғысы.

Жобаның атауы	Қ. Қайсенов кентінде 5000 тұрғынға арналған екі қабатты отбасылық дәрігерлік амбулатория ашу
Бастамашы	Қ.Қайсенов кентінің әкімі
Демеуші	Республикалық бюджет
Жобаның басшысы	Ұлан ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
Бекітілген күні	26.02.2021 ж.
Дайындаған	Медеуқанов Е.Қ., Оралбек Н.Е., Бақынова Н.А.
Жобаның миссиясы	Тұрғындарға сапалы медициналық қызмет алуға жағдай тудыру
Бастаманы негіздеу	<p>Қ.Қайсенов кентінде қазіргі уақытта 6080 адам өмір сүреді. Денсаулықты сақтау мен түзету аясында аудан орталығында қажетті қызмет көрсету жағдайы жасалмаған. Тұрғындар амбулаториялық қызметті көпқабатты үйдің 2 және 3 қабатында алады. Стандарт. Тұрғындар арнайы дәрігерлердің қызметін белгілі бір күнде, кесте бойынша пайдаланады. Аудан орталығы бола тұра тұрғындар толыққанды медициналық көмек пен қызмет алу үшін Таврия ауылы мен Өскемен қаласына баруға мәжбүр. Бұл қосымша қаражат шығынына әкеледі. Мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға қызмет көрсету жағдайлары жасалмаған. Нысан өрт қауіпсіздігі техникаларына сай емес. Осыған орай біз «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 1 200 млн теңге қаржы сомасына 2 қабатты амбулатория салуды көздейміз. Ұлан ауданының АДБ –сында 2022 жылы Қ.Қайсенов кентінде отбасылық амбулатория салу жұмысы жоспарланған. Біздің жобамызда тұрғылықты халықтың сұранысы басты назарға алынды.</p> <p>Жобаның басымдықтары:</p> <ol style="list-style-type: none">1.Сапалы медициналық қызмет.2. Қосымша жұмыс орындарының ашылуы.

	3.Жас мамандарды тарту. («Дипломмен ауылға» бағдарламасы) 4.Мүмкіндіктері шектелген азаматтарға жағдай жасау.
Жобаның мақсаты	2023 жылдың маусым айында Қ. Қайсенов кентінде 5000 тұрғынға арналған екі қабатты отбасылық дәрігерлік амбулатория ашу
Жобаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жер алу. Қ.Қайсенов кентінде Нұржау көшесінде отбасылық амбулатория салу үшін 0,525 га жерді алу. 2. ЖСҚ жоба командасы және жобаны бекіту. 3. Бюджеттік өтінімді облыстық бюджет комиссиясына жолдау. 4. Келісім - шарт арқылы инфрақұрылымды жүргізу. 5. Құрылыс жасау тендерін жариялау. 6.Бақылау / құжаттарды реттеу. 7. Келіссөздер жүргізу және жабдықталу бойынша тендер жариялау. 8. Медициналық жабдықтарды орын орындарына орналастыру, бағдарламалармен қамту. 9. Кадрлық персоналдармен қамтылу. 10. Аяқталған құрылысты комиссиямен қабылдап алу. 11. Мекеме құжаттарын заңды түрде рәсімдеу. 12. Жұмыс графигі, кестесін құру. БАҚ-қа жария ету 13. Салтанатты ашылу.
Жобаның сәттілігін бағалаудың мақсаттары мен өлшемдері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Уақытымен жоспарлы құрылыс ғимаратының салынуы 2. Арнайы талаптарға сай кадрлық штаттың болуы 3. Қаражаттың жоспарға сай игерілуі 4. Жаңа талаптарға сай медициналық құралдарымен жабдықталуы 5. Уақытылы ашылған дәрігерлік амбулатория
Жобаның өнімі	Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету
Жоба қатысушылары	Аудандық аурухана, құрылыс компаниялары, жоба командасы және жобалаушылар, тауар ұсынушылар, мердігерлер, демеушілер, әкімшілік, депутаттар, экономика бөлімі, логистикалық компаниялар.
Жобаның мүдделі тараптары	Тұрғындар, техникалық бақылау, Қоғамдық кеңес, дәрігерлер, жұмыспен қамту, БАҚ.

Жоба бойынша болжам: - күні бойынша; - құны бойынша;	26.02.2021 – 01.08.2023жж. 1 200 млн.теңге
Жобаның шектеулері	<ul style="list-style-type: none"> - Бекітілген бюджет аясында - Стандарттық талаптар аясында жабдықталуы - Мамандардың заманауи техникамен жұмыс жасау дағдыларының жеткіліксіздігі - Құрылыс материалдарының сапасының төменділігі - Жемқорлық жүйесіне байланысты ақшаның жетпеуі - Мердігерлер шарттың талаптарын орындамауы - Құрылыс жабдықтарымен уақтылы қамтылмауы - Мердігер компаниялардың өз міндеттердің уақытылы/сапалы орындамауы - Әкелінген техниканы тестілеуден өткізетін мамандардың жоқтығы - Инфрақұрылымды жүргізуде арнайы шектеулердің кезігуі - Эпидемиологиялық жағдайдың тұрақсыз болуы - Құрылыс салатын жердің талапқа сай орналаспауы - Нарықта құрал жабдықтардың қымбаттауы - Бюджеттен ақшаның уақтылы бекітілмеуі - Құрылыстың жобалық сметасының дұрыс жасалмауы - Шетелден әкелінетін заманауи медициналық қондырғылардың уақтылы жеткізілмеуі
Жобаның басымдықтары	Көрсетілетін медициналық қызмет сапасының жоғарылауы Қолайлы заманауи талапқа сай орта 40 адам жұмыспен қамтылады
Жобаның аяқталуы	01.06.2023 ж.
Жобаның негізгі (кезеңдері)	ҚЖС бекітілуі - 26.06. 2021 ж. Құрылысты қабылдау - 01.06.2023жж Құрылған техниканы қабылдау - 15.05.2023 ж. Персоналдың штаттық бірлікке байланысты бекітілуі - маусым2023 ж. Медицина қызметін көрсететін үдерісті бекіту.

